

Құрылтайшылардың (қатысушылардың)
жалпы жиналысының
01.06.2022 ж. № 6 хаттамасымен
БЕКІТІЛДІ

**«Қазақстан халқына»
қоғамдық қорының
ЖАРҒЫСЫ
(жаңа редакция)**

*(«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Қамқоршылық кеңесінің
2023 жылғы «30» қаңтардағы (№ 28 хаттама); 2024 жылғы «5» тамыздағы (№ 63
хаттама); 2024 жылғы 19 желтоқсандағы (№ 70 хаттама); 2025 жылғы 8 шілдедегі
(83 хаттама) шешімдерімен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды қоса
алғанда)*

Астана қаласы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры (бұдан әрі - Қоғамдық қор) - әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және басқа да әлеуметтік пайдалы мақсаттарды көздейтін азаматтар мен заңды тұлғалардың ерікті мүлiктік жарналары негiзiнде Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» және «Қайырымдылық туралы» Заңдарына сәйкес құрылған, мүшелігі жоқ коммерциялық емес қайырымдылық ұйымы.

Ескерту. 1.1. - тармаққа өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

1.2. Қор мемлекеттік тіркелген кезден бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

1.3. Қоғамдық қордың негізгі мақсаты ретінде табыс алу емес және алынған таза табысты құрылтайшылар (қатысушылар) арасында бөлуге құқығы жоқ.

Ескерту. 1.3. - тармаққа өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

1.4. Қоғамдық қордың окшауландырылған мүлкі бар, дербес балансы, валюталық шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы жазылған дөңгелек мөрі, фирмалық бланкілері және заңды тұлғаның басқа да атрибуттары бар.

Ескерту. 1.4. - тармаққа өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

1.5. Қоғамдық қор Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және осы Жарғыға сәйкес мәмілелер жасасуға, мүлiктік және жеке мүлiктік емес құқықтарды сатып алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

Ескерту. 1.5. - тармаққа өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

1.6. Қоғамдық қорға оның құрылтайшылары берген мүлiк Қоғамдық қордың меншігі болып табылады. Қоғамдық қордың құрылтайшыларының Қоғамдық қордың мүлкіне мүлiктік құқықтары жоқ. Қоғамдық қор оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Ескерту. 1.6. - тармаққа өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

1.7. Қоғамдық қор Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар мен өкiлдіктер ашуға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) болуға құқылы. Қоғамдық қор заңды тұлға, филиал және өкiлдік құрылатын мемлекеттің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде филиалдар мен өкiлдіктер ашуға, басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) болуға құқылы.

Ескерту. 1.7. - тармаққа өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

1.8. Қор ерікті негізде қауымдастықтарға (одақтарға) бірігуге, халықаралық, қоғамдық және өзге де ұйымдардың қызметіне қатысуға және өзге де нысанда ынтымақтасуға құқылы.

1.9. Құрылтайшылар (қатысушылар), Қамқоршылық кеңес мүшелері, Басқарма мүшелері, сондай-ақ қоғамдық қордың қызметкерлері өздерінің кәсіби функцияларын мүдделер қақтығысының туындауына жол бермей, Қоғамдық қордың мүддесінде тиісті қамқорлықпен және сақтықпен адал әрі ақылмен орындайды.

Мүдделер қақтығысы құрылтайшылардың (қатысушылардың), Қамқоршылық кеңес мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің, сондай-ақ Қоғамдық қор қызметкерлерінің жеке мүдделері лауазымдық міндеттердің бейтарап орындалуына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай ретінде анықталады.

Бар және/немесе ықтимал мүдделер қақтығысын айқындау, анықтау және басқару процесін реттеу және бақылау тәртібі Қоғамдық қордың мүдделер қақтығысын басқару саясатымен реттеледі.

Ескерту. 1.9. - тармаққа өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

1.10. Қордың толық атауы:

мемлекеттік тілде: **«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры;**

орыс тілінде: **Общественный фонд «Қазақстан халқына»;**

ағылшын тілінде: **Public Fund «Kazakhstan Halkyna».**

Қордың қысқартылған атауы: мемлекеттік тілде:

«Қазақстан халқына» ҚҚ;

орыс тілінде: **ОФ «Қазақстан халқына»;**

ағылшын тілінде: **PF «Kazakhstan Halkyna».**

1.11. Қордың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы 6/1, 160 кеңсе.

Ескерту. 1.11.- тармаққа өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы «30» қаңтардағы (№ 28 хаттама) шешімімен бекітілген.

1.12. Қор белгіленбеген мерзімге құрылған.

1.13. Қоғамдық қор мүлкінің мөлшері мен құрамы туралы, оның шығыстары туралы мәліметтер коммерциялық құпияның нысанасы бола алмайды.

Ескерту. 1.13. - тармағымен толықтырылды - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

2. ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

2.1. Қор қызметінің негізгі мақсаттары болып табылады:

1) денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларында қайырымдылық көмек көрсету;

2) азаматтардың рухани, танымдық және өзге де гуманистік қажеттіліктерін қалыптастыру және қанағаттандыру үшін қоғамдық денсаулық, білім, ғылым, мәдениет, өнер, ағарту салаларындағы қайырымдылық жобаларын іске асыру;

3) республикада қайырымдылық мәдениетін дамыту, қоғамның, бизнестің және мемлекеттің қайырымдылыққа сенімін нығайту, қайырымдылықтың барлық субъектілерінің ымырасы;

4) төтенше жағдайлар кезінде және төтенше жағдай режимін енгізу кезінде Қазақстан Республикасының зардап шеккен халқына көмек көрсету;

5) Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау кезінде құқық қорғау органдары, арнаулы органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, ауыр жараланғандардың және қаза тапқан деп танылғандардың отбасыларын қолдау;

6) Қордың басқару органдарының шешімдеріне сәйкес өзге де қайырымдылық көмек.

2.2. Қор қызметінің мәні қайырымдылықты жүзеге асыру болып табылады.

3. ҚОРДЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ (ҚАТЫСУШЫЛАРЫ)

3.1. Құрылтайшылардың (қатысушылардың) Қордың органдарына сайлануға құқығы бар.

3.2. Құрылтайшылар (қатысушылар) сұраныс бойынша Қордың қызметі туралы ақпарат алады.

3.3. Құрылтайшылар (қатысушылар) Қордың құрылтай құжаттарының талаптарын сақтайды және қорға зиян келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді.

4. ҚОРДЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1. Қамқоршылық кеңес - жоғары тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органы.

4.2. Басқарма - атқарушы орган.

5. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС

5.1. Қамқоршылық кеңес Қордың жоғары басқару органы болып табылады және Қор қызметінің оның жарғылық мақсаттарына сай келуіне бақылауды жүзеге асырады.

5.2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны кемінде 7 (жеті) адам, бірақ 10 (он) адамнан аспауға тиіс.

Ескерту. 5.2. - тармаққа өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2025 жылғы «08» шілдедегі (№ 83 хаттама) шешімімен бекітілген.

5.3. Қамқоршылық кеңестің мүшелері Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен сайланады.

5.4. Некемен және жақын туыстықпен байланысты адамдар, сондай-ақ Қордың штаттық қызметкерлері Қамқоршылық кеңестің мүшелері бола алмайды.

5.5. Қамқоршылық кеңес кез келген уақытта Қамқоршылық кеңес мүшесінің өкілеттігін тоқтатуға құқылы. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша тоқтату Қамқоршылық кеңес төрағасының атына жіберілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Қамқоршылық кеңестің мұндай мүшесінің өкілеттігі Қамқоршылық кеңестің кезекті отырысында хабарламада көрсетілген күннен бастап тоқтатылады. Қамқоршылар кеңесінің жаңа мүшесі бір ай ішінде сайлануы керек.

Ескерту. 5.5. - тармаққа өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2025 жылғы «08» шілдедегі (№ 83 хаттама) шешімімен бекітілген.

5.6. Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен Төрағасының орынбасары Қамқоршылық кеңестің отырысында бір жыл мерзімге қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы сайланады. Қамқоршылық кеңес кез келген уақытта Қамқоршылық кеңестің төрағасын және/немесе Төрағасының орынбасарын қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қайта сайлауға құқылы. Қамқоршылық кеңес төрағасының және/немесе Төрағаның орынбасарының өкілеттіктері олардың Қамқоршылық кеңестің мүшесі ретіндегі өкілеттіктері тоқтатылған күннен бастап тоқтатылады.

Ескерту. 5.6. - тармаққа өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

5.7. Қамқоршылық кеңес мүшелері өз қызметін тегін жүзеге асырады.

Ескерту. 5.7. - тармаққа өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

5.8. Қамқоршылық Кеңестің құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу және/немесе жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қордың қайырымдылық қызметінің стратегиялық бағыттарын бекіту;

3) Қордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын бекіту;

4) Қордың жұмыс жоспарын бекіту;

5) Қордың алдағы жылға арналған бюджетін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

6) Қордың есеп саясатын бекіту;

Ескерту. 5.8. - тармақтың 6) тармақшасына өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы «30» қаңтардағы (№ 28 хаттама) шешімімен бекітілген.

6-1) Қордың жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

Ескерту. 5.8. - тармақ 6-1) тармақшасымен толықтырылды - Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы «30» қаңтардағы (№ 28 хаттама) шешімімен бекітілген.

7) басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау және басқарма жұмысының регламентін бекіту, Басқарма Төрағасы мен басқарма мүшелерін сайлау, Басқарма Төрағасының лауазымдық жалақысының мөлшері, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

Ескерту. 5.8. - тармақтың 7) тармақшасына өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2025 жылғы «08» шілдедегі (№ 83 хаттама) шешімімен бекітілген.

8) Қамқоршылық кеңес хатшысының міндеттерін жүктеу, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

Ескерту. 5.8. - тармақтың 8) тармақшасына өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2025 жылғы «08» шілдедегі (№ 83 хаттама) шешімімен бекітілген.

9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен ішкі аудиторларды тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметі туралы ережені, ішкі аудит қызметі басшысының және ішкі аудитордың лауазымдық нұсқаулықтарын, ішкі аудит жоспары мен бағдарламасын бекіту, аудиторлық тапсырмаларды белгілеу, Ішкі аудит қызметінің есептерін тыңдау, ішкі аудит қызметінің басшысы мен ішкі аудиторларына еңбекақы төлеудің және сыйақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

Ескерту. 5.8. - тармақтың 9) тармақшасына өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

10) Қордың сыртқы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

10-1) Қамқоршылық кеңестің жұмыс Регламентін бекіту, Қамқоршылық кеңестің мүшелерін, Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен Төрағасының орынбасарын сайлау және олардың өкілеттіктерін тоқтату;

Ескерту. 5.8. - тармақтың 10-1) тармақшасына өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2025 жылғы «08» шілдедегі (№ 83 хаттама) шешімімен бекітілген.

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде Қоғамдық қордың басқа заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы шешімдер қабылдау;

Ескерту. 5.8. - тармақтың 11) тармақшасына өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

12) Қордың филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешімдер қабылдау.

12-1) Қоғамдық қор Басқармасын жартыжылда атқарылған жұмыстар, Қоғамдық қор қаражатының нысаналы пайдаланылуы және Қоғамдық қордың әкімшілік шығыстары туралы тыңдау;

Ескерту. 5.8. - тармақ 12-1) тармақшасымен толықтырылды - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

13) Басқарманың өткен жылғы жылдық есебін бекіту;

14) Қорды қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау.

5.9. Қамқоршылық кеңес белгілі бір саладағы сарапшыларды тарта отырып, консультативтік-кеңесші органдар құруға құқылы.

5.10. Қамқоршылық кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет өткізіледі. Қамқоршылық кеңестің отырыстары Қамқоршылық кеңес Төрағасының немесе Басқарма Төрағасының бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.

Қамқоршылық кеңестің отырысын шақырған Қордың Басқарма төрағасы Қамқоршылық кеңес отырысының күн тәртібін айқындауға, қажетті құжаттарды дайындауды, Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне және мүдделі тұлғаларға шақырулар жіберуді қамтамасыз етуге, күн тәртібіне шығарылған мәселелер бойынша шешімдердің жобаларын енгізуге, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің сұрақтарына жауап беруге, Қордың мүдделерін білдіре отырып, отырыста сөз сөйлеуге, сондай-ақ Қордың құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелеріне консультация беруге құқылы.

Ескерту. 5.10. - тармаққа өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2025 жылғы «08» шілдедегі (№ 83 хаттама) шешімімен бекітілген.

5.11. Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізуге арналған кворум Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды және Жарғының 5.14-тармағына сәйкес жазбаша түрде білдірілген дауыс беру нәтижелері болған кезде Қамқоршылық кеңестің отырысына қатыспаған мүшелерін ескере отырып айқындалуы мүмкін.

Қамқоршылық кеңес мүшелері тиісті күнтізбелік жылдағы Қамқоршылық кеңес отырыстарының жалпы санының кемінде жартысына жеке қатысуын қамтамасыз етуге тиіс. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан Қамқоршылық кеңестің мүшелері

Қамқоршылық кеңес төрағасының ұсынуы бойынша Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығарылуға жатады.

Ескерту. 5.11. – тармаққа өзгеріс енгізілді – Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

5.12. Қамқоршылық кеңестің шешімдерді отырысқа қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Қамқоршылық кеңестің бір мүшесінің дауысын басқа мүшеге не үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

Отырысқа қатысатын Қамқоршылық кеңес мүшесінің дауыс беру нәтижелерін бейнеконференцбайланыс, конференцбайланыс (Қамқоршылық кеңес мүшелерінің телефон кеңесі режимінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып белгілеу мақсатында Қамқоршылық кеңес мүшесі өзінің дауыс беру нәтижелерінің бейне/аудио сәйкестендірілуін (бейнежазбаны қосу және қолын көтеру не өзінің дауыс беру нәтижелерін дауыстап айту) қамтамасыз етуге міндетті. Әйтпесе, Қамқоршылық кеңестің мұндай мүшесінің дауыс беру нәтижелері дауыстарды санау кезінде ескерілмейді..

Ескерту. 5.12. – тармаққа өзгеріс енгізілді – Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

5.13. алынып тасталды – Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

5.14. Егер Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің отырысына қатыса алмаған жағдайда, ол Қамқоршылық кеңестің отырысы басталғанға дейін күн тәртібі бойынша жазбаша пікірді электрондық (сканерленген) түрде жіберу арқылы дауыс беруге құқылы.

5.15. Қамқоршылық кеңестің шешімдері Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасымен ресімделеді, оған Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

5.16. Қамқоршылық кеңестің төрағасы Қамқоршылық кеңестің отырыстарына төрағалық етеді, сондай-ақ осы Жарғыда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады. Дауыстар саны тең болған жағдайда Қамқоршылық кеңес Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

5.17. Қамқоршылық кеңестің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Қамқоршылық кеңес Төрағасының орынбасары жүзеге асырады, Қамқоршылық кеңес Төрағасының соңғы функциясы болмаған кезде Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

5.18. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырады, Қамқоршылық кеңестің отырыстарына материалдарды дайындау, қабылданған шешімдер туралы ақпаратты сақтау, ашу және ұсыну тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді және бақылайды. Оған Қамқоршылық кеңес жүктеген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 5.18. – тармаққа өзгеріс енгізілді – Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

6. БАСҚАРМА

6.1. Басқарманы Қамқоршылық кеңес келесі үш жылға мерзімі аяқталғаннан кейін қайта сайлау құқығымен үш жыл мерзімге тағайындайды. Басқарма үш адамнан тұрады және Басқарма төрағасын, сондай-ақ Басқарма төрағасының орынбасары мен Басқарма мүшесін (штаттық лауазымға байланысты емес) қамтиды. Басқарма төрағасын Қамқоршылық кеңес Басқарма өкілеттігінің қолданылу мерзіміне, өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін келесі үш жылға қайта сайлау құқығымен тағайындайды. Басқарма төрағасының өкілеттігі тоқтатылған кезде Басқарма өкілеттігінің қолданылу мерзімі тоқтатылады. Басқарма осы Жарғыда Қамқоршылық Кеңестің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамдық Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге

асырады және Қоғамдық қор қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды. Тек Қоғамдық қордың қызметкерлері ғана Қоғамдық Қордың Басқарма мүшелері бола алады. Ескерту. 6.1. - тармаққа өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама); 2024 жылғы «19» желтоқсандағы (№ 70 хаттама) шешімімен бекітілген.

6.2. алынып тасталды - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

6.3. Қордың Басқарма Төрағасы:

- 1) Қордың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) өз құзыреті шегінде шарттар /келісім-шарттар/ жасасады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- 3) банктерде есеп айырысу және өзге де шоттар ашады;
- 4) Қордың атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;
- 5) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі;
- 6) Қамқоршылық кеңестің шешімі негізінде Басқарма мүшелерімен еңбек шарттарын жасасады және бұзады;
- 7) Қамқоршылық кеңестің тапсырмасы бойынша Қордың сыртқы аудитін жүргізу үшін Қамқоршылық кеңес айқындаған аудиторлық ұйыммен шарт жасасады;
- 8) өз құзыреті шегінде Қордың барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және жарғымен Қамқоршылық кеңес және Басқарма құзыретіне жатқызылмаған Қордың ішкі қызметін қамтамасыз ету бойынша өзге де функцияларды жүзеге асырады.
- 10) Қор қызметінің мәселелері жөніндегі мемлекеттік органдар мен соттарды қоса алғанда, отандық және шетелдік ұйымдармен қатынастарда Қордың атынан өкілдік етеді.

6.4. Қор Басқармасы:

- 1) Қамқоршылық кеңес шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- 2) Қор қызметінің нәтижелері туралы жылдық есептерді дайындайды және оларды Қамқоршылық кеңестің қарауына ұсынады;
- 3) жылына екі рет Қамқоршылық кеңестің алдында жарты жылда атқарылған жұмыс, Қоғамдық қор қаражатын мақсатты пайдалану және Қоғамдық қордың әкімшілік шығыстары туралы есеп береді;
- 4) Қор жұмысының ашықтығын және бақылауда болуын қамтамасыз етеді;
- 5) аудиттелген қаржылық есептілікті Қор сайтында жариялауды жүзеге асырады;
- 6) Қордың сыртқы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау жөніндегі рәсімдерді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, Қамқоршылық кеңестің бекітуіне тиісті ұсынымдар енгізеді;

Ескерту. 6.4. - тармақтың 6) тармақшасына өзгеріс енгізілді - Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы «30» қаңтардағы (№ 28 хаттама) шешімімен бекітілген.

7) Қормен өткізілетін іс-шаралардың ақпараттық жариялануын қамтамасыз етеді, брифингтер ұйымдастырады;

8) Қордың операциялық қызметін реттейтін, осы Жарғыға және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес Қамқоршылық Кеңестің құзыретіне жатпайтын ішкі құжаттарды бекітеді;

8-1) Қамқоршылық кеңестің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамдық қордың Қамқоршылық кеңесінің отырысына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарайды;

Ескерту. 6.4. - тармақ 8-1) тармақшасымен толықтырылды - Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «19» желтоқсандағы (№ 70 хаттама) шешімімен бекітілген.

8-2) Қоғамдық қордың Басқарма хатшысының міндеттерін жүктеу Қоғамдық қордың Басқармасы туралы ережеге сәйкес айқындалады;

Ескерту. 6.4. – тармақ 8-2) тармақшасымен толықтырылды – Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «19» желтоқсандағы (№ 70 хаттама) шешімімен бекітілген.

9) Қоғамдық қордың ұйымдық құрылымын, штат санын және штат кестесін бекітеді; Ескерту. Ескерту. 6.4. – тармақтың 9) тармақшасына өзгеріс енгізілді – Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «19» желтоқсандағы (№ 70 хаттама) шешімімен бекітілген.

10) Қамқоршылық Кеңестің құзыретіне кірмейтін Қор қызметінің өзге де мәселелерін қарайды.

6.5. Жарғының 6.4-тармағының 3) тармақшасында көзделген жарты жылда атқарылған жұмыс, Қоғамдық қор қаражатын мақсатты пайдалану және Қоғамдық қордың әкімшілік шығыстары туралы есептерден басқа, Қамқоршылық кеңестің отырысына оның мүшелерінің кемінде үштен екісінің талап етуі бойынша кез келген уақытта Қоғамдық қор қызметінің кез келген кезеңі үшін осындай есеп шығарылуы мүмкін.

Ескерту. 6.5. – тармаққа өзгеріс енгізілді – Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

6.6. Басқарма Қамқоршылық кеңеспен бекітілген қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларының бағыттары бойынша, сондай-ақ ерекше жағдайларда, қайырымдылық көмек көрсету туралы бір өтінім үшін 100 млн. теңгеден аспайтын шекте қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылдай алады.

6.7. Басқарма 6.4-тармақтың 3) тармақшасы негізінде Жарғы жылына екі рет Қамқоршылық кеңес мүшелерін Жарғының 6.6-тармағына сәйкес қабылданған әрбір шешім туралы хабардар етеді.

Ескерту. 6.7. – тармаққа өзгеріс енгізілді – Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «19» желтоқсандағы (№ 70 хаттама) шешімімен бекітілген.

6.8. Басқарма белгілі бір саладағы сарапшыларды тарта отырып, консультативтік-кеңесші органдар құруға құқылы.

7. ҚОРДЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ

7.1. Қор қызметі нәтижелерінің бухгалтерлік есебін Бас бухгалтер жүзеге асырады. Басқарма Төрағасы мен бас бухгалтер некемен, жақын туыстықпен немесе мүлікпен байланысты болмауы тиіс. Бір адам екі лауазымда бола алмайды.

7.2. Лауазымды тұлғалар Қоғамдық қор қызметінің негізгі мақсаттарына сәйкес емес Қоғамдық қордың мүлкі мен мүліктік құқықтарын пайдалану жөнінде іс-әрекеттер жасамауға тиіс.

Ескерту. 7.2. – тармаққа өзгеріс енгізілді – Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

7.3. Лауазымды адамдар Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормаларын бұзатын шешімдер қабылдауы салдарынан келтірілген залалдарды Қорға өтеуге міндетті.

8. ҚОР МҮЛКІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗДЕРІ

8.1. Қоғамдық қорға түскен барлық мүлік пен ақша Қоғамдық қорға меншік құқығында тиесілі және тек қана Қоғамдық қордың жарғылық мақсаттарын іске асыруға жіберіледі.

Ескерту. 8.1. – тармаққа өзгеріс енгізілді – Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

8.2.-8.5. алынып тасталды – Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылғы «05» тамыздағы (№ 63 хаттама) шешімімен бекітілген.

9. ЖАРҒЫҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қамқоршылық кеңестің ерекше құзыретіне жатады.

9.2. Жарғыны өзгерту және (немесе) толықтыру бойынша ұсыныстар енгізу құқығы Қамқоршылық кеңестің кез келген мүшесіне, Басқармаға тиесілі және Басқарма Төрағасы Қамқоршылық кеңестің қарауына енгізеді.

10. ҚОРДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

10.1. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша не соттың шешімі бойынша ерікті түрде қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

10.2. Қамқоршылық кеңес немесе тарату туралы шешім қабылдаған сот тарату комиссиясын тағайындайды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қорды таратудың тәртібі мен мерзімдерін белгілейді.

10.3. Тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап оған Қордың мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер ауысады.

10.4. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне тиісті жазба енгізілгеннен кейін Қор жойылды деп есептеледі.

10.5. Қор таратылған кезде кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік пен қаражат нысаналы капиталды (эндаументті) басқаратын коммерциялық емес ұйымға берілетін «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасы бойынша міндеттемелерді толық орындау үшін қалыптастырылған нысаналы капиталдың (эндаументтің) сомасын шегергенде, мемлекет кірісіне жіберіледі.

Ескерту. 10.5. – тармаққа өзгеріс енгізілді – Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы «30» қаңтардағы (№ 28 хаттама) шешімімен бекітілген.